

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ ТҮРКСОЙ КАФЕДРАСЫ

**Оқу-әдістемелік бюросының
ПОӘК дайындау бойынша оқу-
әдістемелік семинары**

аға оқытушы Жанатаева К.Б.

ПОӘК құрылымы

- ▣ Пәннің титулдық беті;
- ▣ Силлабус (жұмыс оқу бағдарламасы);
- ▣ СӨЖ-ді ұйымдастыру (СӨЖ тапсырмасы, орындалу графигі, әдістемлік нұсқаулық);
- ▣ Лекцияның қысқаша мазмұны;
- ▣ практика, семинар, лабораториялық сабақтардың оқу материалдары;
- ▣ Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз ету картасы;
- ▣ Midterm exam бағдарламасы;
- ▣ Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы.

Пәннің титулдық беті

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Шығыстану факультеті
Түрксой кафедрасы

Бекітемін:
Факультет деканы
(қолы)
_____ Н.Б. Ем
“_____” “_____” 2022 ж.

ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

Оқитын елдің тарихы
6В02207-Шығыстану
Білім бағдарламасының атауы

3 курс
5 семестр
2 кредит

Алматы 2022

**ПОӘК дайындаған Жанатаева Күлжан Бекенқызы, аға
оқытушы**

Мамандық бойынша жұмыс оқу бағдарламасы негізінде

Кафедраның «» қыркүйек 2022 ж., хаттама № мәжілісінде
қаралып ұсынылды.

Кафедра меңгерушісі м.а. _____ К.Т. Габдуллин

“Түркітілдес елдердің тарихы” пәні бойынша семинар сабақтары үшін тапсырмалар мен әдістемелік нұсқаулар

- ▣ «Семинар дәрісі (СД) № 1.
- ▣ Тақырыбы: Түбірі бір түркітілдес елдер
- ▣ Жоспары: Арийлердің алғашқы мекендері. Сақтардың қоғамдық құрылысы.
- ▣ «Андронов мәдениеті».
- ▣ Максаты : Түркілердің далалық империясы мен мұрагерлеріне тоқталу.
- ▣ Жүргізілу түрі: .ауызша/жазбаша
- ▣ Әдістемелік нұсқаулар: Пәнді оқыту барысында қажетті деректермен және әдебиеттермен таныс болу; Деректерді талдау жасай білу қабілетін қалыптастыру және оны іс жүзінде пайдалана білу мүмкіндігін игеру; Ауызша және жазбаша түрдегі баяндаманың құрылымының логикалық негізділігіне қол жеткізу, материалдарды жинау, топтастыру және оларға талдау жасау негізінде сараптама жасау методикасын қалыптастыру.
- ▣ **Әдебиет:**
- ▣ Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. (көне дәуірден біздің заманымыздың XIV ғасырына дейінгі кезең). 1-кітап, Алматы, 2002.
- ▣ Байбатша Ә. Қазақ даласының ежелгі тарихы. А, Санат, 2001.
- ▣ Гумилев Л.Н. Көне түріктер.-Алматы, 1994.

«Түркітілдес елдердің тарихы» пәні бойынша лекция курсы

1 Модуль. ХҮ-ХҮШ ғғ. түркі хандықтары

1 дәріс. Кіріспе.

Түркілердің далалық империясыни зерттеудің маңыздылығы.

□ Түркі халықтарының тарихын зерттеушілер.

- Түркі халықтарының тарихы тереңде жатыр. Тәуелсіздік алғанға дейін түркі халықтарының тарихын біртұтас деп қарап, ол халықтардың тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне, тұрмыс-тіршілігіне онша назар аударылмады. Тек Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана бір туыстас түркі халықтары өз тарихына баса назар аударып, тарих беттеріне көп тың жаңалықтар, тың деректер қосып жатыр. Соңғы уақытта тек түркі елдерінің тарихшылары ғана емес, дүние жүзі тарихшылары бұл тақырыпқа үлкен қызығушылық туғызуда. Түркі халықтарының тарихы дүниежүзі тарихымен біртұтас, сондықтан соңғы уақытта түркі халықтарының тарихы жайлы көптеген кітаптар, әдістемелік құралдар, монографиялар, еңбектер жарық көріп, түркі мемлекеттері жайлы типтік бағдарламалар жарық көре бастады. Шындығында түркі халықтарының тарихы кейінгі кезде кеңінен зерттеліп келеді. Кеңес дәуірінің өзінде де түркология ғылымына байланысты еңбектер жазған ғалымдарымыз баршылық. Түркі тектес халықтардың асыл қазыналарына қатысты еңбектер жазған Е.Э.Бертельс, А.Н.Самойлович, С.Е.Малов, И.В.Стеблева, Ә.Н.Нәжіп есімдерін ғылымда ерекше атауға болады. Сонымен қатар отандық тарихнамада Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайлов, С.Аманжолов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, М.Жолдасбеков, Х.Сүйіншіәлиев, С.Қасқабасов, Ғ.Мұсабаев, Қ.Өмірәлиев, Ғ.Айдаров, Ш.Сәтбаева, Ә.Құрышжанов, М.Томанов, А.Егеубаев, М.Мағауин, Н.Келімбетов, Ә.Кекілбаевтар және тағы басқа да ғалымдар түркі тілдес халықтардың тарихына әр қырынан үлес қоса білді.
- Сонымен қатар, түркі халықтары жайлы В.Томсен, В.В.Радлов, Ю.Немет, Х.Н.Орхун, С.Е.Маловтың зерттеулері белді орын алады. Бұл орайда «Тюркология ілімінің негізін қалауға лайықты үлес болып қосылған В.В.Радловтың алғашқы іргелі зерттеулерінің бірі болып табылатын «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» атты он томдық әлемге әйгілі еңбегінің орны айтарлықтай екендігі, ғылымда лайықты бағасын алған. А.Н. Самойловичтің «Ақиқатты түсініп, әділін айтсақ, түркологияның пайда болған сәтінен біздің заманымызға дейін В.В.Радловтай үлкен қайраткер болған емес» деуін айтсақ та жеткілікті. Дарынды ғалым ең алдымен түркі халықтарының ел аузында сақталып қалған асыл мұраларын мұқият жинақтап, бірнеше томдарға айналдырып, жарыққа шығарды. Еуропа халықтарының тілдеріне аударып, әлемге таныстырғанының өзі де ерекше. Осыншалық жинақтаған мұраларға байланысты В.В.Радлов: «1869 жылдан, Алтайдағы түркі тілдерін зерттеуге кіріскен алғашқы күннен бастап-ақ тек халық шығармашылығын жинауға көңіл бөліп қойғам жоқ, мүмкіндігіне қарай мол сөз қорын жинауға да күш салдым»-деп жазады. Анығында, жинақтаған қыруар мұраларымызды ғалым ғылыми тұрғыдан тексеріп, жан-жақты зерттеудің кейінгі толқыныға кілтің ұстатып кетті. Түркі әлемінің құндылықтарын дәл осылай біртұтас алып, ғылыми-салыстырмалы әдістермен саралау алғашқыда дұрыс жолға түссе де, кейін күркіреген Кенестік дәуір идеологиясына байланысты бөлшектеніп кетті»-деген.
- Тек қана лингвистикалық зерттеулерде болмаса, тарих, әдебиет, этнография, археология ғылымдарындағы ізденістер түбі бір түркі дүниесінен айналып кетті. Ендігі уақытта көбінесе ежелгі түркі тайпаларының негізін құраған, кейіннен тағдыр талайынан бөлінген ұлыстар мен ұлттардың шеңберінде ғана зерттеле бастады. Бұл қасаң және қатан қағидалар пайда болуына Кенес Одағы құрамындағы түркі тілдес халықтардың рухани құндылықтарының зерттелуі ұшырап, ғылыми саралаудың әдіснамасын «ұлы халықтың» мұраларымен ғана салыстыра тексеру керек делінетін қисынсыз теорияны қалыптастырды.
- Түркі халықтарының этнонимі күрделі де қызықты деректерге толы. Бұл мағлұматтарға тоқталмастан бұрын «этнос» деген ұғымға талдау жасап алу керек. Этнос - (халық, тайпа, жұрт, ұлт) жалпыға ортақ, сыртқы кескін-кейпі ғана емес, едәуір тұрақтанған ерекше мәдениеті (тілін қоса), мінез-құлқы бар, сол сияқты өзінің бірыңғай екенін және басқа этникалық топтардан бөлектігін түсінетін сана-сезімі бар. Оның бұл қасиеті өз атымен (этноним) бекітілген адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты бір тұтастығы болып табылады. Біз талдау жасағалы отырған «Түрік» этнонимі тарих сахнасында VI ғасыр ортасында шықса да, түркітілдес халықтың қалыптасуы- біздің заманымызға дейінгі мыңжылдықтардан бастау алатын, ұзақ та аса күрделі үрдіс. Орхон жазуларындағы жылнаманы оқыған жұрт «Түрік» атауы «мықты», «күшті» деген мағынаны білдіреді деп түсінеді. Шындығында, бұл Тиграхауда сактарының атымен байланысты «шошақ бөріктер» немесе «дулығалылар» дегенді аңғартады. Тарихта «тукюз», «түркі», «түрік» деген атпен пайда болған халықтар өз негізін қайдан алды. Мәселен, кейбір ғалымдар түркі халықтарының негізгі шумерлерден басталған десе, ал отандық түрколог, академик А.Н.Кононовтың пікірінше, «ту-кюз» тұлғасындағы терминді қытайлар шығарған. Негізінен бұл сөз «түркүк» немесе «түркіләр» болуы мүмкін деп мөлімдейді. Себебі қытайлар ертедегі түріктерді, басқа көршілес елдерге қарағанда ерте, әрі жаксы таныған. Ертеде Алтай тауының тұлғасы дулығаға ұқсас болған көрінеді. Таудың етегінде Ту-кюз деген лагерь жайласқан. Ондағы жасаған адамдардың киген ішлемі ту-кюз деп аталғандықтан оны киген тайпаны да Ту-кюз деп атаған.
- Ал қытай тілінің маманы И.Бичурин және монгол тілінің маманы Шмидт «Ту-кюз» монгол сөзі дейді. Себебі монгол тіліндегі «дулға» сөзі «шлем» деген мағынаны білдіреді. Кезінде Іле өзенінен терістік шығысқа қарайғы аймақта сактардың хұндармен араласып жатқан өлкесінде осы түріктердің алғашқы мемлекетін ұйымдастырушысы Нағыт болған. Сол кезде түріктің 10 әйелінен тараған Ашына (Ашина) әулеті елге танымал бола бастады.
- Сонымен қатар Қытай деректері бойынша түрікті «тукюе» деп атаған. Ал аңыздар мен деректерге қарағанда түрік атауы мен түрік халқы әлдеқайда бұрын пайда болғандығы байқалады. Қытай деректерінде «Түріктердің арғы аталары ғұндардың солтүстігіндегі сак елінен шықты, – дегенді оқимыз, одан – олардың ұлыс абасы Адам бек деп аталады». Тарихтан бізге белгілісі де – осы Адамбек. Одан – жоғарыда аталған Нағыт Түрік шад, одан – Ашына, одан – Акын шад тараған. Міне, байырғы шежіре бастауы осылай. Сондай-ақ қытай деректері түріктердің алғашқы көсемдері қатарында Апанбо, Еженшило, Нар тілек шад, Ежен шад, Тай ябу деген тарихи тұлғаларды атап кетеді. Олардың түріктердің басын қосып, оны азат елге айналдыруға сінгірген еңбегі айтарлықтай. Тағы бір тарихи дерекке сүйенсек, түріктерге «түрік» атауын олардың жаулары жужандар (ненелер) берген. Олар Үйсіндер аймағынан қашып келгендерді ту-кю, яғни түріктер деп атады. Қалай десек те, мұның өзі түріктердің пішіні дулығаға ұқсайтын Алтай тауын паналауына байланысты болса керек. О бастан азаттық үшін күресіп дағдыланған түріктер кезінде бабалары хұндарды жаулаған өзге, маньчжур тілінде сөйлейтін ежелгі сәнбилер ұрпағы ата жаулары ненелердің (жужандардың) тепкісіне көп төзе алған жоқ. Этнограф ғалым Д.Айтмұратовтың еңбегінде «түрк» сөзі шығыстың бір ханының аты. Ал «Авестада» болса, ол бір қаһарманың аты болып айтылады. Е.Блоше Тұран жеріндегі жасаушы түрк тайпаларының аты «Туға» деп көрсетсе, кейбір ғалымдар түркі сөзі «тура» деген сөзден шыққан деген пікірді айтады. «Шахнама» дастанында дүние жүзіне танылған бұл «Тұран» сөзінің «Тұр» есімінен пайда болғанын, яғни Феридунның аты «Тұр» сөзі, «Түрік» сөзімен байланысты екенін дәлелдейді.
- Ал, түркі халықтарында бұл туралы аңыздар көп. Мәселен, біз М.Қашқаридің еңбектерінде, халистерінде жазылған Құдайдың сөзі туралы мәліметтерді келтірейік, онда былай көрсетілген: «Бізді Жаратушы Құдай: - «менде күшті әскер бар, мен оларға түрк деген ат бердім және оларды шығысқа жайластырдым. Мен қай кезде, қандай да бір халыққа қаһарлансам сол халыққа «түрк» деген қолданысты беремін деген екен».
- Сондай-ақ, «түрк» этнонимі туралы ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер бар. Дегенмен, бұл пікірдің барлығын «түрк» сөзінің шығу тарихына байланысты жалған этимологияға қарағанда, ғылыми этимологияға негізделген дұрыс.
- Мәселен, академик А.Н. Кононов, Н.Я. Марр «түрк» сөзінің шығуы тарихы туралы «Құдайдың атаған «түрк» сөзінің қолдайтынын және өзінің пікірі де осымен мазмұндас екенін айтады». Түрк-монгол тілдерінің байланысы қайдан келіп шықты деген пікірге үнделсек, біз ең алдымен түркі-монғолдарының татар-монғол болып бөлінуінен дерек көздерін табамыз. Өйткені, түркі халықтарындағы «оғуз» этнонимінің шығуы жайлы тарихи дерек көздерге сүйенгенімізде, Оғұздың арғы атасы Монғол ханнан тараған. Одан төрт ұл туылып, оның бірі Қарахан болған. Қараханнан туған Оғұз, түркі халқы пайда етуші қаһарман, ол осман түріктері, түркмен, әзербайжан халықтарының ата тегі, яғни бабасы. Сондықтан түркі халықтары арасында үлкен бір мұра «Оғызнама» дастаны қалған.

- 545 жылы түркілер орталырынан Ашына Бұмынды хан көтерді. Сол кезде олар дипломатиялық жолмен қытайларға тәуелді болды. Одан соң олар өздеріне бауырлас 50 мың үйден тұратын түркітілді Телелерді қосып алды. Дегенмен нөңелерге (жужандар) тәуелділіктен құтылмай азаттыққа қол жеткізу мүмкін емес екенін жақсы түсінген түркілер, 552 жылы жужандарды талқандады. Бұл қорлыққа шыдамаған олардың патшасы Анагай өзін-өзі өлтірді. Күлтегін жазуында түріктерді билеушілер Ашына әулетінен шыққан Бұмын (Тұмын), Істемі қағандардан басталады. Өйткені бұлар – алғашқы Түрік қағанатының негізін қалаушылар. Ал қағанаттың құрамына кіретін түркі тілдес халықтар мыналар: эзирбайжандар, башқұрттар, қазақтар, қырғыздар, қарақалпақтар, құмықтар, қарашайлар, қарайымдар, ноғайлар, татарлар, түркімендер, түріктер, өзбектер, ұйғырлар, балқарлар, гагауыздар, хакастар, алтайлар, сахалар, сапарлар, шорлар, үрімдер, чуваштар және тағы басқалар.
- Діни сенімдеріне келетін болсақ, түрік қағандықтарында тәңірлік діннің рөлін мықты етіп көрсететін заттық дәлелдер бар. Қағандардың кешендерінде тәңірлік діннің жөн-жораларын атқаратын барық (храм) болған. Бітіктастар сол барықтың ішіне тігілген. Олар жыл сайын өзінің мәртебелі адамдарымен аталарының үңгіріне барып, құрбандық шалады. Ал мамырдың ортасында Тарын өзенінде көк Тәңіріне тасаттық беріп, табынады. Көктемде не жазда өлген адамды - ағаштар мен өсімдіктердің жапырағы сарғайған кезде немесе түсе батағанда, ал күзде не қыста өлген адамды - гүлдер бүршік жара бастаған кезде жерлейді.
- Жерлеу кезінде өлген адамдардың туыстары дәл өлген күндегідей тасаттық беріп атпен шапқылап, беттерін жыртады. Қабір басына тас қойылып, белгі орнатылады. Қойылған тастың саны өлген адамның тірі кезінде өлтірген адамының санына қарай болады.
- Жеріміздегі археологиялық зерттеулерден түрік дәуірінің адамдарының обаларында жоғарыда жазылған жерлеу ғұрыптары толық байқалған. Құрбандыққа шалынған қой мен жылқылардың бастары түгел белгіге ілінеді. Бұл күні ерлер де әйелдер де бір киерлерін ығына іліп, қабір басына жиылады. Егер сол топтан жігітке бір қыз ұнаса, ол қайтып барған соң қыз үйіне құда түсуге адам жібереді. Мұндай жағдайда көп ретте қыздың ата-анасы қарсы болмайды. Әкесі (ағасы), әкесінің аға-бауыры қайтыс болса, баласы, інісі және аға-бауырларының баласы өгей шешесіне, жөншесіне, жөншесіне үйлене береді. Тек үлкендері өздерінің баласы есепті адамдардың жесірмен шатасуына болмайды. Қазақ әменгерлік деген салт осы түріктерден сақталған тәрізді. Өлген адамды киіз үйге жайғастырады. Балалары, немерелері, туыс-туғандары ер-әйел демей құрбандыққа жылқы, қой шалып, етін әруаққа атап есіктерінің алдына жаяды да атқа мініп, үйді жеті айналып шығады, содан үйге кірерде беттерін теміртеппен жыртып дауыс шығарады, қан мен жас қосыла төгіледі.
- Түріктердің тілдері мен жазулары туралы айтсақ, түріктердің жазулары хулардыкіне ұқсайды (сақтар). Біздің Алтын киімді адамның жанынан табылған жазуды түрколог А.Аманжолов сақтардікі деп оқыған. Шамасы түріктер жазуды сол сақтардан жалғастырған болуы керек. Деректерде түріктердің қару-жарақтары туралы жазылған, ол қазақтардыкімен бірдей. Туларына бөрінің бас суретін салып қояды, жасауыл сарбазды бөрі деп атаған. Бұл бөріге тотем ретінде табынуды көрсетеді. Алтын ұшты жебе мен балауызды мөрді куәлік ретінде пайдаланған. Байырғы түрік бітіг жазуының үлкен ескерткіштерін Күлтегін, Білге қаған, Түй-үкүк, Күллі-чор, Тәс, Теркін мәтіндерінің жасалған уақыты белгілі. Орхон ескерткіштерінің бірі - Идер кешенінің тұрғызылған уақытын тиянақтау мәселесі ғылым алдында тұрған міндет. Идер кешенінен табылған төрт әріп-кескінінен тұратын бұл жалғыз сөз түркі қағанат дәуірінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ байырғы түрік бітіг әліпбиін қолданғанын дәлелдеп берді. Б.з. 552-570 жылдары Түрік қағанатының хан тағында Мұхан-қаған отырған. Осы кезеңге байланысты қытай деректері былай дейді: «Түріктерде «вэнь цзи» (жазу) жоқ. Қажетті әсерлер мен ат-көлік, салық, мал санын ағашқа кертіп (кэму), арнайы ораммен орап, балауыз шамның майын тамызып, оның үстіне алтын ұшты жебемен сенім белгісін (синь цзи)-мөр басып таңбалайды» деген.
- Түріктердің ежелгі жазуын Күлтегін жазуынан көруге болады. Күлтегін жазуы-ежелгі түркі жазба ескерткіші болып табылады. Монғолиядағы Қарабаласаған қаласының қираған орнынан солтүстікке қарай 40 км жерге, **Орхон өзені** бойындағы Эрдени Цзу монастырының (VIII ғасыр) жанына орнатылған. Ескерткіштің биіктігі 3,15м., ені 1,34м, қалыңдығы 0,41м. Тас бағана бес бұрышты қалқан тәрізді, қырларында айдаһардың суреттері мен қаған таңбалары бейнеленген. Күлтегін ескерткіші туралы алғашқы мәліметтер XIX ғасырдағы батыс зерттеушілерінің еңбектерінде жариялана бастады. Екі құлпытастағы құпия жазуларды түркітанушылар көпке дейін оқи алмай келді. Ғалымдар арасында тастағы белгісіз жазуларды көне кельт, гот, грек, славян, скандинавия, финн, тіпті монгол немесе қалмақ жазулары деген тұжырымдар болды.
- **1893** жылы 25 қарашада Дания Ғылым Академиясының мәжілісінде В.Томсен Орхон жазба жәдігерлерін оқудың кілтін тапқандығын әрі оның көне түркі тілінде жазылғандығын, алдымен оқыған сөздері «тәңірі» және «түрік» деген сөздер екенін жариялады. Содан кейін академик В.В.Радлов мәтінді тәржімалады. Осы зерттеулерден кейін құлпытастарға қашалған жазулар Күлтегін батырдың ерлік істері туралы қаһармандық дастан екендігі белгілі болды. В.В.Радлов, С.Е.Малов, қазақ ғалымдары С.Аманжолов, Ғ.Айдаров, К.Өмірәлиевтағы басқа түркітанушылар Орхон жазба жәдігерлерінің түркі тіліндегі мәтінін оқып, оны тілдік, әлеби, тарихи тұрғыдан зерттеді. Орта Азия мен Қазақстанның ерте дәуірдегі кездерін зерттеп жүрген ғалымдардың пікірлеріне қарағанда, біздің жерімізде қола дәуірі (Андрон, Беғазы-Дәндібай мәдениеттері) мен темір дәуірінде өмір сүрген тайпалардың (сақ, сармат) иран тілдес болғандығы айтылады. Бұл кездегі тайпалар антропологиялық жағынан монғолоидтық белгілері бар европеидтық нәсілдерге жатты.
- Қазақ халқының бастауына сақтар, үйсіндер, қанлылар да кіреді. Қазақ халқының шығу тегі туралы аспектілерге лингвистикалық және антропологиялық мәселелер жатады. Орта Азия мен Қазақстан өңірінде осы екі үрдістің екеуі де қатар дамып отырған. Қазақстанның ертедегі тарихын екі аумақты кезеңге: үндіеуропалық және түріктік кезеңге бөлуге болады.
- Атап айтқанда, лингвистика жағынан қарғанда - ежелгі еуропалық, үндіирандық, прототүркілік, түркілік, қазақ тілдері жатады. Түркі тілі Алтай тіл семьясына (монғол-манчжур-танғыс) жатады. Алтай қауымдастығы мезолит дәуірінде Орта Азия мен Байкал бойында пайда болды. Ал антропологиялық тұрғыдан қарағанда - еуропалық, еуропа-монғолдық - монғолдық-еуропалық болады. Бірінші кезеңде лингвистикалық тіл жағынан Қазақстан тұрғындары үндіеуропалық топтың ежелгі иран тобына кіреді. Бұл кез б.з.д.3-1 мыңжылдықтарды қамтиды. Екінші кезеңде Қазақстанға шығыс жақтан көшпелі тайпалардың, ғұндардың Батысқа қарай қоныс аударуына байланысты, сақ және сармат тайпаларының жалғасы - үйсін мен қанлылар ғұн тайпаларымен Араласып, ассимиляцияға түскен
- Түркі тіліне ғұн, оғыз, қыпшақ, үйсін, хазар тілдері жатады. Тұңғыс-маньчжур тобына - нанай, эвенкі, маньчжур тілдері жатады. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобының батыс тармағына жатады. Оған қарақалпақ, қарашай-балқар, башқұрт, қырым татары, қырғыз тілдері кіреді. Олардың әрқайсысы түркі тілдерінің белгілі бір түрін ғана өздерінің ана тілі деп біледі. Мәселен, қазақтар – қазақ тілі, өзбектер - өзбек тілін өздерінің ана тілі санайды. Жалпы алғанда, барлық түркі тілдес халықтардың қазіргі тілдік жүйесі оғыз (эзирбайжан түркілері, түріктер, түркімендер, гагауыздар), қыпшақ (қазақтар, қырғыздар, алтайлықтар, ноғайлар, балқарлар, қырым және қазан татарлары, башқұрттар, құмықтар, қарайымдар, қырымшақтар), қарлұқ – ұйғырлар (өзбектер, қарақалпақтар және сары ұйғырлар), ұйғыр-оғыз (тувалықтар, тоғалар, хакастар, Бараба және Чулым татарлары) және чуваш-якут топтарына бөліні. Қазіргі кезде түркі тілінде сөйлейтіндердің жалпы саны 24 миллион 530 мың 400 адам. Олар 3 миллион 295 мың 100 шаршы километр аумақты мекендейді. Қарлық-ұйғыр тобында сөйлейтіндер – 31 миллион 570 мың адам, мекендейтін аумағы – 2 миллион 47 мың шаршы километр. Ұйғыр-оғыз тобында сөйлейтіндер – 321 мың адам, мекендейтін аумағы – 232 мың 400 шаршы километр. Чуваш-якут тобында сөйлейтіндер 2 миллион 224 мың адам, мекендейтін аумағы – 3 миллион 121 мың 500 шаршы километр. Түркі тектес халықтардың Еуропа мен Азияның орасан зор аумағын қоныстанып, атамекендерінің бір-бірінен алшақ жатуына байланысты, әуел бастағы бір негізді дамыған түркі тілінің қазір 27 тармағы бар деуге болады.
- Түріктердің ертедегі мекеніне келетін болсақ, олардың тұрақты орын тепкен мекені болмады. Бірақ әрқайсысының өздеріне тиесілі жерлері болды. Бұл жерде жартылай көшпелі өмірді көруге болады. Өздеріне тиесілі жаз – жайлауы, қыс - қыстаулары болғандығы белгілі. Ал күз, көктемде де өздерінің тиісті көктеу-күзеулерінде отырып, көктеуде мал төлдетсе, күздеулерінде мал қыркып, қойларын күйектен өткізген. Ал мұндай өмірді түсінбеген қытайлар мен Еуропа ғалымдары түріктерді де қазақтарды да жаппай көшіп жүрген деп жазады.

- Түркілер дәуірінен қалған рухани, мәдени, материалдық, әдет-ғұрып, салт-сана біздің халқымызда толығымен сақталған. Сондықтан да халқымыздың халық болып қалыптасуы, оның түп-тамыры ежелгі түркілерден қалыптасып бізге жеткен дейміз. Еліміз егемендік алғаннан кейін әлемдегі сандаған елдермен түрлі саладағы байланыстар жасалып, қазақ халқының тәуелсіздігі мойындалып, еліміздің ұстанған бағыт-бағдарлары айқындалды. Туысқан халықтардың жақындасуына қолайлы нәтижелерге қол жеткізілді. Бұл мәселеде түркі тілдес халықтардың бір-бірімен байланысы, достық пен ынтымақтастық қарым-қатынастардың орнығуына ғылым мен өнер барынша ықпал етуі тиіс. Түрлі тарихи оқиғалар мен аласапыран уақыт үстемдігі түбі бір түріктерді бір-бірінен алыстатып, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлері тамырлас халықтардың өмірлеріне өзіндік өзгерістер жасағаны баршаға аян. Сондықтан түбі бір түркі тектес халықтардың тарихын жан-жақты тың деректермен толықтырып зерттеу кезек күттірмейтін мәселе болып табылады.



ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- ▣ Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. (көне дәуірден біздің заманымыздың XIV ғасырына дейінгі кезең). 1-кітап, Алматы, 2002.
- ▣ Байбатша Ә. Қазақ даласының ежелгі тарихы. А, Санат, 2001.
- ▣ Гумилев Л.Н. Көне түріктер.-Алматы, 1994.

«Түркітілдес елдердің тарихы» пәні бойынша СӨЖ тапсырмалары мен әдістемелік нұсқаулар

- **СӨЖ № 1.**
- **Тақырыбы:** «Түркі халықтар түсінігі, олардың саны, тілі, діни сенімдері және қоныстанған аумағы» тақырыбы бойынша реферат.
- **Тапсырма максаты:** тақырыпты жан-жақты оқу және зерттеу.
- **Жүргізілу түрі:** Реферат. Жұмысты қорғау.
- **Тапсырма:**
- Аталған тақырып бойынша реферат жазу.
- Презентация көрсету.
- **Әдістемелік нұсқау:** Рефератты ғылыми стилде жазу. Барлық талаптар орындалуы тиіс. Презентацияны ppt. форматында дайындау. Презентация қазақ тілінде жасалуы тиіс.
- **Әдебиеттер:**
- Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы.(көне дәуірден біздің заманымыздың XIV ғасырына дейінгі кезең). 1-кітап, Алматы, 2002.
- Гумилев Л.Н. Көне түріктер.-Алматы, 1994.
- Қазақстан тарихы. Ежелгі уақыттан қазіргі кезеңге дейін. Очерк. Бас.Ред. М.Қ.Қозыбаев.- Алматы, Дәуір, 1993.
- Қозыбаев М. Тарих зердесі.- Алматы, Ғылым, 2 том, 1998.
- Бичурин Н.Я. (Иакинф) Собрание сведений о народах обитающих в Средней Азии в древние времена.- А.,1998.
- Әбілғазы. Түрік шежіресі.-Алматы, 1991.

СӨЖ-ді орындау графигі

№	СӨЖ тапсырмасы	СӨЖ –ді орындау түрі	СӨЖ-ді тапсыру мерзімі (оқу аптасы)
1	«Түркі халықтар түсінігі, олардың саны, тілі, діни сенімдері және қоныстанған аумағы»	Реферат. Жұмысты қорғау.	4 апта
2	«Қазіргі кездегі саяси ахуал және түркітілдес мемлекеттер»	баяндама түрінде.	6 апта
3	«Түркі халықтарының мәдениеті мен салт-дәстүрлері»	Слайд түрінде презентация жасау.	8 апта
4	«Ұлы Жібек жолы бойындағы түркі ескерткіштер картасы»	Презентация. Жұмысты қорғау.	10 апта
5	«Түркітілдес елдердің тарихы»	тест сұрақтарын дайындау.	12 апта

**«Оқитын елдің тарихы» пәні бойынша
оқу-әдістемелік қамтамасыз ету картасы**

№	Ақпараттық ресурстар	Пәнді оқитын студенттер саны	әл-Фараби ат. Қаз ҰУ кітапханасындағы кітаптар саны		
			қаз	ор	ағ
	Оқу әдебиеттері (атауы, басылған жылығ авторық)				
1	Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы.(көне дәуірден біздің заманымыздың XIV ғасырына дейінгі кезең). 1-кітап, Алматы, 2002.	5	20		
2	Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. (XV- XVIII ғасырына дейінгі кезең). 2-кітап, Алматы, 2002.	5	20		
3	Агаджанов С.Г. Государство Селдьжукидов и Средняя Азия в XI-XII вв.-М.,1991.	5		3	
	Интернет-ресурстар:				

☐ 11.М.Кемаль реформасы бөлімнен тұрды:

- ☐ A) 10
- ☐ B) 7
- ☐ C) 5
- ☐ D) 3
- ☐ E) 9

☐ 12.Орыс-түрік соғысыболғанжылдар:

- ☐ A)1805-1810жылдары
- ☐ B)1800-1810жылдары
- ☐ C)1802-1812жылдары
- ☐ D)1800-1812жылдары
- ☐ E)1812-1822жылдары

☐ 13.Ресейдің қоластына кірмеген түріктердің күшті қолдауында болған халық:

- ☐ A)Сібір
- ☐ B)Қырғыз
- ☐ C)Араб
- ☐ D)Абхазия
- ☐ E)Қазақ

☐ 14.Ресейліктер Сібір халқын қай ғасырда жаулап алды?

- ☐ A)XVIIIғасырда
- ☐ B)XVIIIғасырдыңаяғында
- ☐ C)XIXғасырда
- ☐ D)XXғасырдыңбасында
- ☐ E)XVғасырда

☐ 15. Орыс әскерлерінің Баку хандығын басып алғанжылы:

- ☐ A)1800жылы
- ☐ B)1805жылы
- ☐ C)1807жылы
- ☐ D)1810жылы
- ☐ E)1812жылы

□ Әдістемелік нұсқау:

□ *Жоғарыда берілген сұрақтарға жауап беру үшін:*

- Түркі тілдес елдердің негізгі оқиға желістерімен танысу болу;
- Түркі елдерінің билеуші топтары және олардың саяси бағыттарын жете білу.

□ Әдебиеттер тізімі

□ Негізгі:

- 1. Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы.(көне дәуірден біздің заманымыздың XIV ғасырына дейінгі кезең). 1-кітап, Алматы, Білім, 2002.
- 2. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы, Білім, 1994.
- 3. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. М.,1993.
- 4. Қазақстан тарихы. Ежелгі уақыттан қазіргі кезеңге дейін. Очерк. Бас.Ред. М.Қ.Қозыбаев. Алматы, Дәуір, 1993.
- 5. Қазақстан тарихы.(көне заманнан бүгінге дейін). Төрт томдық, 1-том, Алматы, Атамұра, 1996.
- 6. Агаджанов С.Г. Государство Селджукидов и Средняя Азия в XI-XII вв. М., 1991.

□

□ Қосымша:

- 1. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы, Ана-тілі, 1991.
- 2. Қ.Жалайыр. Шежірелер жинағы. Алматы.19 97,-128б.
- 3. Орманов Қ.Т Тұран өркениетінің ізімен. (тарихи-этнографиялық очерктер жинағы) Қостанай,2005.
- 4. Махмуд Қашғари. Диуан-лұғат ат-түрік. Алматы, 1993.
- 4. Бабыр Захир ад дин Мұқамед. Бабырнама. Алматы, 1993.
- 6. Қозыбаев М. Тарих зердесі. Алматы, Ғылым, 2 том, 1998.
- 7. Бичурин Н.Я. (Иакинф) Собрание сведений о народах обитающих в Средней Азии в древние времена. А. 1998.

□

«Түркітілдес елдердің тарихы» пәнінен емтихан сұрақтары

- ▣ 1. Түркі халықтарының этнонимін ашып көрсетіңіз.
- ▣ 2. Түрік қағандықтарындағы тәңірлік дінінің рөлін түсіндіріңіз.
- ▣ 4. Түркілердің ислам дінін қабылдауы және мәдениеті туралы баяндаңыз.
- ▣ 5. Қырым хандығының қоғамдық құрылысына сипаттама беріңіз.
- ▣ 6. Қырым татарларының Қазақстанға қоныс аударуы туралы деректерге талдау жасаңыз.
- ▣ 7. Қазан хандығының қоғамдық құрылысына сипаттама беріңіз.
- ▣ 8. Қазан хандығының Ресей империясының құрамына қосылу себебіне талдау жасаңыз.
- ▣ 9. Астрахан хандығының тарихы туралы эссе жазыңыз.
- ▣ 60. 1556 жылы Ивана IV –нің Астрахан хандығын жаулап алуы және оның нәтижесін анықтаңыз.

Назар қойып тыңдағандарыңыз үшін
рахмет!!!